

Әкімшілік бұлтартпау шаралары

1. Әкімшілік бұлтартпау шаралары ұғымы және мәні
2. Әкімшілік бұлтартпау шараларының түрлері
3. Әкімшілік бұлтартпау шараларын қолдану негізі

Әкімшілік бұлтартпау шаралары ұғымы

Әкімшілік бұлтартпау шаралары (әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары) заңға қарсы әрекеттерді доғару және олардың зиянды зардаптарын болдыртпау мақсатында қолданылады. Олар көп түрлі және бұл шараларды әр түрлі атқарушы органдар (лауазымды тұлғалар) қолданады.

Ықпал ету шаралары тек қана құқықбұзушылықтың жолын кесуге ғана емес, 16 жасқа толмаған адамдардың және есі дұрыс еместердің қоғамға қауіпті әрекеттерінің алдын алу үшін қолданылады.

*Құқық бұзушыға қолданылатын
бұлтартпау шаралары*

*Техникалық сипаттағы
бұлтартпау шаралары*

*Санитарлық-эпидемиологиялық
сипаттағы бұлтартпау шаралары*

*Қаржы-несиелік сипаттағы
бұлтартпау шаралары*

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаға жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында мынадай әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары қолданылады

*жол жүрісі
қағидаларын білуін
тексеру*

/жол жүрісі қағидаларын білуін тексеруге жіберу туралы қаулыны әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органдар (лауазымды адамдар) шығарады/

*құқық
бұзушының
мінез-құлқына
ерекше
талаптар
белгілеу*

Төменде көрсетілген құқық бұзушылықтарды жасаған көлік құралдарының жүргізушілері **жол жүрісі қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсыруға жіберіледі:**

- ✓ 590-бап. Көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзу үшін;
- ✓ 591-бап. Көлік құралын басқару кезінде жүргізушінің телефонды не радиостанцияны пайдалануы;
- ✓ 593-бап. Маршруттық көлік құралдарын тоқтату, тұрғын аймақтарда жүру, жолаушыларды және жүктерді тасымалдау қағидаларын сақтамау және жол жүрісінің қағидаларын басқа да өрескел бұзуы;
- ✓ 595-бап. Маневр жасау қағидаларын бұзу;
- ✓ 594-бап. Жол қиылыстарынан өту қағидаларын бұзу немесе жолдың жүру бөлігін кесіп өту;
- ✓ 595-бап. Маневр жасау қағидаларын бұзу;
- ✓ 596-бап. Көлік құралын жолдың жүру бөлігінде орналастыру, қарсы жүріп өту немесе басып озу қағидаларын бұзу;
- ✓ 597-бап. Көлік құралдарын тоқтату немесе тоқтап тұру қағидаларын бұзу;

Төменде көрсетілген құқық бұзушылықтарды жасаған көлік құралдарының жүргізушілері **жол жүрісі қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсыруға жіберіледі:**

- ✓ 598-бап. Арнайы жарық және дыбыс сигналдары іске қосылған жедел және арнайы қызметтер көлік құралының жүруіне басымдық бермеу;
- ✓ 599-бап. Бағдаршамның тыйым салатын сигналына немесе реттеушінің тыйым салатын қимылына қарамай өту;
- ✓ 600-бап. Жаяу жүргіншілердің немесе жол жүрісінің өзге де қатысушыларының жүруіне басымдық бермеу;
- ✓ 601-бап. Жол белгілерімен немесе жолдың жүру бөлігіндегі таңбалармен көрсетілген талаптарды сақтамау;
- ✓ 602-бап. Көлік құралдары жүргізушілерінің жүргізіп үйренуді өткізу, сыртқы жарық түсіру аспаптарын және (немесе) дыбыс сигналдарын пайдалану, авариялық сигнал беруді қолдану қағидаларын бұзуы;
- ✓ 613-бап. Ішкі істер (полиция), көліктік бақылау органдары қызметкерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде және Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде, әскери полиция органдары қызметкерінің талаптарын орындамау, алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйін куәландырудан өтуден жалтару;



Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеуге негіз болатын баптар

- ✓ *128-бап. Кәмелетке толмаған адамды әкімшілік құқық бұзушылық жасауға тарту;*
- ✓ *131-бап. Кәмелетке толмаған адамды масаң күйге дейін жеткізу;*
- ✓ *436-бап. Елді мекендерде атыс қаруынан, газды, пневматикалық қарудан оқ ату, пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдарды ұшыру;*
- ✓ *442-бап. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы;*
- ✓ *461-бап. Қорғау нұсқамасын бұзу.*

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың және (немесе) ішкі істер органдарының өтінішхаты бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде сот ҚР ӘҚБТК-тің жоғарыда көрсетілген баптардыда көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған адамның мінез-құлқына **үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге дейін белгіленетін шаралар:**

жәбірленушінің отбасының кәмелетке толмаған және (немесе) әрекетке қабілетсіз мүшелерін қоса алғанда, жәбірленушінің еркіне қарамастан, оны іздестіруге, оның ізіне түсуге, оған баруға, онымен ауызша, телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілдермен байланыс жасауға;

атыс қаруын және қарудың басқа да түрлерін сатып алуға, сақтауға, алып жүруге және пайдалануға;

кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның рұқсатынсыз кәмелетке толмағандарға белгілі бір жерлерге баруына, басқа да жерлерге шығуына толық көлемде немесе жеке-жеке тыйым салуды көздейтін ерекше талаптар белгілеуі мүмкін.